



Т

Ғылым болашағы өз қолымызда!

12+

алдыкорман

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru



№ 13 (1855)

Жұма, 4-сәуір 2025 жыл Республикалық қоғамдық-саяси газеті

БЕЙРЕСМИ КЕЗДЕСУ

ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІГІН ДАМУҒА ҮРДІСІ

Мемлекет басшысының Алматыдағы резиденциясында Қазақстан мен Өзбекстан Президенттерінің бейресми кездесуі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманның Алматыға сапармен келгеніне ризашылық білдіріп, мұндай бейресми кездесулер жақсы дәстүрге айналғанын айтты.

— Бұл — бауырлас, достас мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында атқарылып жатқан жұмысты іскерлік сипатта тағы бір талқылауға орайлы сәт. Біз — одақтас елдерміз. Екі ел арасындағы ықпалдастық тұтас Орталық Азия өңіріндегі жағдайға тікелей әсер етеді, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы бауырлас халықтарды жақындастыруға, аймақтың орнықты және қауіпсіз дамуындағы ортақ мақсаттарды ілгерілетуге Шавкат Мирзиёевтің зор үлес қосқанын атап өтті.

— Қазақстандықтар Сізді жақсы таниды және аса құрметтейді. Сіздің мықты әрі абыройлы көшбасшылығыңыздың арқасында Өзбекстан қарқынды дамып келеді. Өткен жылы өзбек экономикасының өсімі 6 пайыздан асқанын білеміз. Экономиканың барлық секторындағы мақсатты көрсеткіштер жоспарға сай



атқарылып жатыр. Өзбекстан неғұрлым табысты дамыған сайын, біздің елдеріміз арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық та соғұрлым сапалы болады. Сондықтан бүгінгі кездесуде нақты мәселелер бойынша пікір алмасамыз деп ойлаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Өзбекстан Президенті екіжақты байланыстарды нығайтуды көздейтін бүгінгі кездесудің маңызына тоқталды.

— Мені өзіңіздің туған жеріңіз, атап айтқанда, Алматы қаласында достық пейілмен, екі халықтың дәстүріне сай ілтипатпен қарсы алып жатқаныңызға рақмет.

Өзімнің және халқымның атынан ризашылығымды білдіремін. Соңғы жылдары қарым-қатынасымыз мүлдем жаңа деңгейге көтерілді. Біз — одақтаспыз. Өзара сыйластығымыздың арқасында көптеген мәселе шешімін тауып келеді, екеуара уағдаластықтардың барлығы іске асырылып жатыр. Нақты нәтижелер бар. Сізді Қазақстанның зор табыстарға жетуімен құттықтаймын. Экономикаларыңыз дамып келеді, жетістіктеріңіз жоғары. Бірінші тоқсанды 5,4 пайызбен қорытындылап отырсыздар. Бүгінгі кездесуіміздің сипаты ресми болмаса да, мен үлкен құраммен келдім. Дегенмен әрбір осындай бейресми жүздесулер біздің байланыстарымызға, барлық келісімдеріміздің орындалуына тың серпін береді, — деді Шавкат Мирзиёев.

Тараптар саяси, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, инвестициялық, энергетикалық, су шаруашылығы, өнеркәсіп кооперациясы және туризм салаларындағы өзара ықпалдастықтың перспективасын жан-жақты талқылады. Мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері қарастырылды.

Кездесу соңында Президенттер қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігін одан әрі тереңдетуге бейіл екенін растады.

Akorda.kz

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ЕНГІЗУ

Кеңес барысында мемлекеттік білім беру стандарттарын жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Барлық білім деңгейінде — бастауыштан бастап жоғары білімге дейін жасанды интеллектке қатысты тақырыптарды оқу бағдарламаларына енгізу қажеттілігі талқыланды.

Ермек Көшербаев білім беру жүйесіне заманауи технологияларды енгізу — саланы жаңғырту мен оқыту сапасын арттыру жолындағы маңызды қадам екенін атап өтті.

«Жасанды интеллектіні қолдану оқушылар мен оқытушылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Біздің басты міндетіміз — осы технологияларды оқу үдерісіне тиімді әрі қауіпсіз түрде енгізуге жағдай жасау. Бұл үшін сапалы цифрлық инфрақұрылым мен сенімді деректерді қорғау жүйесі қажет. Біз өзімізден бір саты жоғары тұратын білімді, техникалық жағынан сауатты және болашақтың сын-қатерлеріне дайын ұрпақ тәрбиелеуіміз керек», — деп атап өтті вице-премьер.

Ол, сондай-ақ жаңа технологияларды үйрену есқашан кеш емес екенін айтты. Жасанды интеллект кез келген жастағы

Үкіметте ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаевтың төрағалығымен Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау шеңберінде білім беру жүйесін цифрландыру және жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын интеграциялау мәселелері бойынша кеңес өтті.

адам үшін қолжетімді құралға айналып, олардың кәсіби дамуы мен біліктілігін арттыруға көмектесе алады.

Кеңес барысында цифрлық трансформация жағдайында кадрлар даярлау мәселесіне ерекше назар аударылды. 2024 жылы Қазақстанда Ұлттық жасанды интеллект платформасы (ҰЖИП) іске қосылып, оған 8 мыңнан астам қатысушы тіркелді. Осы платформа аясында мемлекеттік органдардың, бағынысты ұйымдардың және төрт жоғары оқу орнының қызметкерлеріне

онлайн оқыту ұйымдастырылып, оған 915 адам қатысты.

ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Щеглова жасанды интеллектті білім беру саласына енгізу ғылыми қызмет пен білікті мамандар даярлауда жаңа мүмкіндіктер ашатынын атап өтті.

«Жасанды интеллект білім беру ортасының ажырамас бөлігіне айналып келеді. Ол тек оқыту процесін жекелендіріп қана қоймай, ғылымдағы зерттеу тәсілдерін

дамытуға да ықпал етеді. Студенттер дайын шешімдерді ғана пайдаланып қоймай, бұл технологиялардың жұмыс істеу қағидаларын түсініп, оларды түрлі салаларда бейімдеп, қолдана білуі маңызды», — деді Динара Щеглова.

Кеңес қорытындысы бойынша ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев тиісті мемлекеттік органдарға білім беру жүйесіне жасанды интеллект технологияларын интеграциялау бойынша белсенді жұмысты жалғастыруды, бұл үдерісте жетекші сарапшыларды тартуды және халықаралық тәжірибені зерттеуді тапсырды.

Білім беру жүйесін цифрландыру және жасанды интеллектті енгізу — мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бұл бастамаларды іске асыру заманауи білім беру ортасын дамытуға, жоғары білікті мамандар даярлауға және Қазақстанның цифрлық технологиялар мен инновациялар саласындағы позициясын нығайтуға бағытталған кешенді бағдарламалар мен стратегиялық міндеттер аясында жүзеге асырылады.

PrimeMinister.kz

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ӨНЕРКӘСІПТІК
АККУМУЛЯТОР ЗАУЫТЫ

биылғы II тоқсанының ортасында іске қосу жоспарланса, ал толық қуатына келесі жылы шығады деп межеленіп отыр.

Кәсіпорынның бас директоры Ербол Әжмағамбетовтың айтуынша, бірінші кезең іске қосылғаннан кейін зауыттың қуаттылығы жылына 100 мың өнеркәсіптік аккумулятор шығаруға жетеді. Қазір 150 тұрақты жұмыс орны құрылған, келешекте жұмыс орындарының санын 300-ге дейін ұлғайтпақ. Бүгінгі күні 10 млрд. теңге инвестиция тартылды және кәсіпкер мұнымен шектеліп қалмайтынын айтады. Кәсіпорын экспортқа бағдарланған. Сондықтан өнімдер тек отандық нарыққа ғана емес, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғыз, Әзірбайжан, Ресейге де жеткізілмекші. Толық қуатына шыққан кезде зауытта жылына 200 мыңнан астам өнеркәсіп аккумуляторы өндіріледі.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев Талдықорған қаласында бірнеше нысанның құрылысы мен іске қосу-жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

Бірінші кезекте өңір басшысы «Қайнар-АКБ» ЖШС өнеркәсіптік аккумуляторлар шығаратын жаңа зауытта болды. Қазіргі кезде кәсіпорында жабдықтарды монтаждау жүргізілуде, мұнан кейін іске қосу жұмыстары басталады. Кәсіпорынды

ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

Жақын арада Талдықорған қаласында тағы бір жаңа зауыт жұмысын бастайды. Бұл - «Талдықорған» индустриялық аймағының аумағында автоклавты қатайтатын газбетон блоктарын шығаратын кәсіпорын. Өндірістік қуаты – жылына 150 мың м³. Мамырдың аяғы мен маусымның басында іске қосылады деп жоспарланған.

– Қараусыз қалған ғимаратты өз жеке қаражатымызға сатып алып, тиісті реконструкция жүргіздік, қазір қажетті жабдықтар орнатылуда. Өңірде кірпіштің осы түрлерін өндіретін кәсіпорын жоқ. Біз жергілікті шикізатты қолданамыз. Негізінен дайын өнімді облыс аумағында сатамыз деп жоспарлап отырмыз. Зауыт ғимаратынан басқа кеңсеміз, қызметкерлерге арналған асханасы бар жатақханамыз бар. Қазір 30 адам жұмыс істейді. Зауыт іске қосылғаннан кейін жұмыс орындарының санын 70-ке дейін ұлғайтамыз. Жалақыға келсек, кәсіпорында жұмысшылар айына 300-350 мың теңге, ал бас энергетик 1 млн. теңгеге дейін жалақы алады. Жалпы, бұл жобаға



өз қаражатымыздан шамамен 3 млрд. теңге инвестиция салдық. Болашақта мемлекет тарапынан қолдау болса, құрылысқа қажетті құрғақ қоспалар мен эмульсия шығаратын зауыт ашу жоспары бар. Өнім түрлері нарық талаптарына байланысты болады, - деді өндірісті дамытудың жоспарларымен таныстырған «Стальбетон» ЖШС коммерциялық директоры Динара Орынбасар.

Облыс әкімі атап өткендей, мемлекет тарапынан тиісті көмек ретінде зауыт ғимаратына дейін инженерлік инфрақұрылымды жүргізу мәселесінде қолдау көрсетілетін болады. Сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларының бірін, соның ішінде жеңілдетілген несиелеуді пайдалану мүмкіндігі бар.



«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында облыс орталығы Талдықорған қаласында 200 ағаш отырғызылып, соның 100-і Ардагерлер саябағына егілді.

Халықтың экологиялық жауапкершілігі мен қоршаған ортаға қамқорлық сезімін арттыру, өңірдің жасыл аймақтарын дамыту мақсатында өткізілген бұл экологиялық шараға қала тұрғындары, бірқатар облыстық басқармалар мен оларға

БІР КҮНДЕ 200 АҒАШ
ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

қарасты коммуналдық мекемелер қызметкерлері қатысты.

Ағаш отырғызуға қатысқан тұрғындардың бірі Нұрболат Алиенов экологиялық шаралардың тұрақты өткізілуін қолдайды:

– Мен балаларыма қоршаған ортаны таза ұстауды, табиғатқа ұқыпты қарауды үнемі айтып, оны өз іс-әрекетіммен үлгі етіп көрсетіп отырамын. Бала көргенін істейді. Сондықтан мұндай шаралар өскелең ұрпақты тәрбиелеуге жақсы ықпал етеді деп ойлаймын. Туған өлкемізді жасып желекке айналдырып, ауасын таза, табиғатын көркем ету өз қолымызда, - деді ол.

Атап өтсек, Президент 2020 жылғы Жолдауында бес жыл ішінде орман алқаптарына 2 миллиард, елді мекендерде 15 миллион ағаш отырғызуды тапсырған еді. Осыған байланысты облыста 2021-2025 жылдары 538 мың көшет отырғызу жоспарланған, бүгінге дейін соның 418 мыңы отырғызылды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВКЕ – 100 ЖЫЛ
САЗ ӨНЕРІНІҢ САҢЛАҒЫ

Композитор, дирижер, КСРО халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толды. Нұрғиса Атабайұлы «Алтын таулар» операсының, «Достық жолымен» балетінің, «Ортеке» балет-поэмасының, «Менің Қазақстаным» кантатасының, оркестрге арналған «Ата толғауы», «Ақсақ құлан», «Аққу», «Арман», «Махамбет», «Кеш керуен» поэмалары мен «Халық қуанышы», «Қайрат», «Жеңіс салтанаты» атты кіріспелердің, 400-ге тарта ән мен романстың авторы. 50-ден астам драмалық қойылымға, 19 көркем фильмге, 17 мультипликациялық фильмге, 14 деректі-хроникалық фильмге музыка жазды.



Ұлы композитордың ғасыр тойына орай ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, рухына тағзым жасалды. Еске алу шарасына қатысқан облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов «Бүгін Талдықорғанда Н.Тілендиев атындағы балалар музыка мектебінің ауласында, ескерткіш алдында мәдениет мейрамшарасының рухына бас иіп, ғасырлық тойын бастауымыздың өзінде үлкен мән жатыр. Осы мектептің жас өрендері ұрпақтар сабақтастығын үзбей, Нұрғиса аталарының жолын жаңа заманға сай лайықты жалғайды деп сенеміз. Облыс орталығынан басталған мерейтойлық осындай тағылымды іс-шаралар өңірдің барлық аудан-қалаларында жыл бойы жалғасады. Биыл ЮНЕСКО көлемінде Нұрғиса жылы аталып өтеді. Бұл ғасырда бір туар саз өнерінің саңлағына ғана емес, күллі қазаққа берілген айрықша баға. Тарихтың өзі сабақтасып жатқан ұлы құндылық десек, Нұрғиса Атабайұлының ғасырлық тойы Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен де тұспа-тұс келіп отыр. Біз Н. Тілендиевті Отан соғысына қатысқан жаужүрек майдангер екенін білеміз» – деп өмір жолы мен шығармашылығына тоқталды. Жиын барысында Талдықорған балалар көркемсурет мектебі оқушыларының сурет салу пленэрі ұйымдастырылып, Дәнеш Рақышев атындағы филармониясының «Жетісу виртуозы» ансамблі концерттік бағдарлама ұсынды. Сондай-ақ, мерейтойлық кеш Н.Тілендиев атындағы балалар музыка мектебі оқушыларының «Ұстаз-шәкірт-талант» атты кешімен жалғасын тапты. Мектеп тарихы, жетістіктері баяндалып, ардагер ұстаздарға құрмет көрсетілді. Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіп «Нұрғиса Тілендиевтің есімі қазақ музыка тарихында алтын әріптермен жазылған. Оның шығармашылығы ұлттық музыкамызды әлемге танытып, күйлері мен әндері, оркестрлік туындылары бізге мұра болып қалды. Композитор шығармалары Ресей, Түркия, Қытай және Еуропа елдерінде жоғары бағаланып, кеңінен насихатталып келеді. Біздің қаламызда да тұлғаның еңбегі биік құрметтеледі. Оның айқын дәлелі – Нұрғиса Тілендиев атындағы балалар музыка мектебі. Сол арқылы өнер иесінің шығармаларын ұлықтап, оның музыкалық мұрасын сақтап келеміз», - деді. Айта кетейік, білім шаңырағында бұған дейін ашық сабақтар, концерттік лекция, қосымша білім беру мектептері арасында «Әлқисса» облыстық байқауы сынды бірқатар шаралар ұйымдастырылған болатын.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

«НАУРЫЗ КАНИКУЛ – 2025»
ОҚУШЫЛАР ДЕМАЛЫСЫ

Облыста «Наурыз каникул – 2025» жобасы аясында оқушылар арасында театр фестиваль-байқауы, волейбол, баскетбол, футбол сияқты танымал спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылып, экскурсиялар, ашық есік күні, түрлі тақырыпта челленджер, вебинарлар, жас суретшілер басқосуы сияқты көптеген іс-шаралар өткізілді.

Оқушылардың демалысын пайдалы ұйымдастыру мақсатындағы бұл шараларға 12600-ге жуық бала қатысты.

Мәселен, жоба аясында жасөспірімдер нашақорлығының алдын алу бағытында «Театр – тәрбие бастауы» атты облыстық фестиваль-байқауы өтті. Сондай ақ, «Үздік декорация», «Үздік жас актриса», «Үздік жас актер», «Үздік сахналық костюм», «Үздік жас режиссер» номинациялары бойынша Алғыс хаттар тапсырылды.

Бұдан бөлек, каникул кезінде «Әжемнің әдемі әңгімесі», «Еңбек бәрін жеңбек» челленджері өтті. Челленджер барысында оқушылар қазақ халқының бай мәдениетімен, көне әдет-ғұрпымен танысты, отбасы мүшелерінің бірлескен еңбегінің жемісін көрсетіп, ынтымағын танытты.

Каникул кезеңінде спорттық шаралар да кеңінен ұйымдастырылды. Волейбол, баскетбол, футболдан өткен спорттық іріктеу жарыстарына қатысқан 1883 оқушының ішінен оза шыққандары жарыстың облыстық кезеңінде бақ сынасты. Жалпы жарыс барысында оқушыларға 390 доп үлестірілді.

ЖЕТИСУ
ОБЛЫСЫНА
ЖЫЛ

ГАЗИФИКАЦИЯ ДОСТИГЛА 56,5 ПРОЦЕНТОВ

В области Жетісу подлежат газификации 192 населенных пункта из 358, сообщил руководитель управления энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Айдос Бекетаев.

В целом, уровень газификации за три года увеличился на 27% (182,6 тыс. чел.) и достиг 56,5% (392,6 тыс. чел.). Построено 2878 км газовых сетей, газифицировано 63 населенных пункта, доступ к природному газу получили 392,6 тыс. человек. Работа проводится в рамках региональной схемы «Комплексная газификация области Жетісу с перспективой до 2030 года», утвержденной в 2023 году.

«Согласно поручению Президента страны газификация является одним из основных направлений работы руководства региона. До образования области Жетісу было газифицировано всего 5 населенных пунктов или 30% населения региона. Со дня образования области в 2022 году к газу подключены 11, в 2023 году – 17 и в 2024 году – 30 населенных пунктов. Всего на газификацию направлено 36 млрд тенге, создано 1740 временных рабочих мест», - отметил Айдос Бекетаев.

В текущем году предстоит провести газ еще в 63 населенных пункта. Реализуются 45 проектов, на которые из бюджета выделено 7,9 млрд тенге. На реализацию новых 24 проектов предусмотрено 3,5 млрд тенге. Также завершены конкурсные процедуры по 11 объектам, заключены договора на строительно-монтажные работы. Разработаны 7 проектно-сметных документов, получившие положительные заключения госэкспертизы.

Таким образом, в результате реализации данных проектов до конца 2025 года уровень газификации составит 71,4%, доступ к газу получат 126 населенных пунктов с населением более 500 тыс. человек.



Жулдыз ШАКИРЖАНОВА,
жительница Коксуского района:

– Я – многодетная мама, у меня семеро детей. Супруга не стало 10 лет назад. В то время самому младшему ребенку было всего полтора года. С тех пор мы сами возили уголь, сыновья занимались заготовками на зиму. Находясь на работе, всегда переживала за безопасность детей. Мой муж Сағыныш был заслуженным гражданином нашего села. Отметив заслуги главы семьи, руководство района бесплатно провело газ, за что им огромная благодарность!

Людмила ПРОСКУРЯКОВА,
жительница г. Текели:

– Мне 73 года, здесь я родилась. Мы – люди старые, топить печь, таскать уголь и дрова уже не под силу. Сколько лет на встречах акима с населением мы поднимали вопрос газификации города?! И вот – мечта сбылась. Никогда не думала, что дождусь этого момента. Теперь и старость в радость, с газом в доме будет тепло, комфортно и уютно.

ских газораспределительных станций. Стоимость проекта – 131,7 млрд тенге, освоено 82 млрд тенге, создано 128 рабочих мест. Заказчиком является АО «Интергаз Центральная Азия», подрядной организацией – ТОО «Asia Caspian Construction». Предварительный срок за-

вершения работ – 2025 год. Введенный газопровод позволит обеспечить газом 66 населенных пунктов Алакольского, Аксуского и Сарканского районов с населением 124 тыс. человек», - добавил руководитель управления.

Работы по разработке проектно-сметных документов данных 66 населенных пунктов начаты за счет частных инвестиций. Заключение экспертизы планируется получить в сентябре текущего года. В конце текущего года будет направлена бюджетная заявка на строительно-монтажные работы.

Кроме этого, для дополнительного обеспечения региона природным газом ведется подготовительная работа по проекту строительства лупинга (второй нитки) магистрального газопровода «Алматы-Талдыкорган». Возникла необходимость газифицировать дополнительно 22 населенных пункта, не входящих в региональную схему «Комплексная газификация области Жетісу с перспективой до 2030 года». В этой связи направлено письмо в Министерство энергетики для внесения изменений.

«Что касается вопроса стоимости подключения к газу, то благодаря принятым по поручению акима области мерам в регионе была создана конкурентная среда, и цена подключения от газопровода до точки в доме (до 25 метров) была снижена до 170-175 тыс. тенге без учета стоимости котла и комплектующих. Между тем за последние 1,5 года из бюджета было выделено 500 млн тенге на приобретение 1600 газовых котлов для населения. При этом жителям не нужно оплачивать их стоимость сразу, так как предусмотрена рассрочка на 10 месяцев», - сказал специалист.

В целом, подчеркнул Айдос Бекетаев, к 2029 году будут газифицированы все 192 населенных пункта, доступ к газу получат свыше 624 тыс. жителей или 91% всего населения. Одним словом, акимат региона продолжит работу по газификации с целью повышения качества жизни населения области Жетісу.

Алма УРАЗАЕВА



ГОД
РАБОЧИХ
ПРОФЕССИЙ

ЕСТЬ ПРОФЕССИЯ – ЛЮКОВОЙ

На Жоламанском щебеночном заводе филиала ТОО «Integra Construction KZ», расположенном в Кербулакском районе, есть цех погрузки, где работают семь человек: три машиниста конвейера, три люковых во главе с бригадиром. Особенно нас заинтересовала профессия люковой, ярким представителем которой является Гульмира Асубаева. Именно в этой профессии она работает уже 18 лет, а на самом заводе около 25 лет.

Гульмира Асубаева – уроженка села Карашоки Кербулакского района, родилась в 1970 году. В 16 лет она окончила школу, немного поработала, мечтала стать учителем математики, но судьба распорядилась по-своему: в 18 лет вышла замуж и переехала жить в село Малайсары. Родила троих сыновей и первое время посвятила их воспитанию, а также заботе о муже.

Когда дети подросли, в 2000 годах Гульмира Токановна стала подрабатывать на щебеночном заводе, находящемся недалеко от их села. В первые годы подменяла охранников, в 2003 году устроилась техничкой в хозяйственную часть, а через 4 года перешла люковой в цех погрузки.

«Люковой или оператор люковой осуществляет подготовку вагонов к погрузке, проверку состояния обслуживаемых конвейеров, контроль за работой конвейерного оборудования, а также выполняет функции по погрузке, в нашем случае, щебня



через люки в железнодорожные вагоны. При этом отслеживает правильность погрузки с учетом весовых норм и технологических требований, проводит техническое обслуживание и устранение мелких неисправностей в работе люков и соответствующего оборудования», - рассказала специалист о круге своих обязанностей.

Добавим, все это проводится круглый год не в теплом помещении, а на улице. А так как завод работает без остановок, то и днем, и ночью – по 12 часов два на два посменно. Кроме этого, профессия люковой рассчитана на людей, обладающих такими качествами, как технический склад ума, ответственность, физическая выносливость, внимательность и умение работать в команде. Такое по плечу разве что мужчинам...

«Да, наша работа не из легких, да и в любой другой есть свои трудности и тяжести. Бывает, что смены у нас выпадают в праздничные и выходные дни, что никак не отдохнешь. Но то, чем я занимаюсь, мне нравится, и я ни разу не подумала о смене работы. Отсюда и желаю выйти на пенсию», - поделилась Гульмира Асубаева.

Свое свободное время наша скромная героиня посвящает хлопотам по дому, посещению родственников и детей. К сожалению, супруг, работавший на этом же заводе, погиб в 2014 году. А сыновья, двое из которых семейные, обосновались в Конаеве и Алматы. Но расстояние не мешают детям почаще приезжать и навещать свою маму. Выйдя на пенсию, Гульмира Асубаева мечтает перебраться поближе к ним и помогать в заботе о внуках, которых у нее пока трое.

Алмагуль ЖАНДОСОВА

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ АДМОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НАРУШЕНИЕ ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Складирование или сжигание костров, мусора и отходов на территории населенных пунктов, организаций, независимо от вида деятельности, осуществляются на расстоянии не менее 50 м от зданий и сооружений, а также в специально отведенных для этих целей местах производится под контролем обслуживающего персонала.

Вместе с тем, в условиях устойчивой сухой, жаркой и ветреной погоды в городах, сельских населенных пунктах и предприятиях, дачных поселках, садовых участках не допускается розжиг костра, мусора, отхода.

За нарушение данных требований пожарной безопасности граждане, должностные и юридические лица несут административную ответственность согласно статьи 336 КоАП РК в виде наложения административного штрафа: влечет штраф на физических лиц в размере двадцати, на должностных лиц – в размере пятидесяти, на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации – в размере двухсот, на субъектов среднего предпринимательства – в размере трехсот, на субъектов крупного предпринимательства – в размере пятисот месячных расчетных показателей.

Сжигание тары, сухой травы, пуха и горючих материалов на территории населенных пунктов, организаций, независимо от вида деятельности, осуществляются на расстоянии не менее 50 м от зданий и сооружений, а также в специально отведенных для этих целей местах производится под контролем обслуживающего персонала.

Вместе с тем, в условиях устойчивой сухой, жаркой и ветреной погоды в городах, сельских населенных пунктах и предприятиях, дачных поселках, садовых участках не допускаются проведение пожароопасных работ, розжиг углей, сухой травы, а также топка нестационарных печей, кухонных очагов и котельных установок, работающих на жидком, твердом и газообразном топливе.

За нарушение данных требований пожарной безопасности граждане, должностные и юридические лица несут административную ответственность согласно части 1 статьи 410 КоАП РК в виде предупреждения или наложения административного штрафа: влечет предупреждение или штраф на физических лиц в размере пяти, на должностных лиц, субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации штраф в размере пятнадцати, на субъектов среднего предпринимательства – в размере пятидесяти, на субъектов крупного предпринимательства – в размере ста пятидесяти месячных расчетных показателей.

УЧС г. Талдыкорган

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

«АЛТЫН АЛҚА» МЕН «КҮМІС АЛҚА» ИЕГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Талдықорған қаласы бойынша 6 мыңдай көпбалалы ана бар. Күні кеше олардың қатары тағы да толықты. Салтанат сарайында қала әкімі Ернат Бөзіл «Алтын алқа» және «Күміс алқаға» лайықты көпбалалы 27 ананы қабылдап, арнайы марапаттады.

– Қазақ халқы әрқашан отбасылық құндылықтарды жоғары қойған. Әсіресе, алтын құрсақты аналарды халқымыз ерекше қадірлейді. Отбасының алтын діңгегі болып, тағылымды тәрбие, ізгі дәстүрлер сабақтастығын жалғап жүре беріңіздер. Сіздер еліміздің демографиясының өсуіне, халық санының көбеюі мен ұрпақ тәрбиесіне елеулі үлес қосып келесіздер. Дендеріңіз сау, отбасыларыңыз аман болсын. Болашақтың тізгінін ұстар балалардың өмірі жарқын болғай! – деген қала басшысы аналарға салтанатты түрде алқаларын табыстады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 4 наурыздағы Жарлығымен көпбалалы талдықорғандық 27 ана марапатқа ие бол-



ды. Солардың арасында Дана Жеңісқызының отбасында 5 қыз, 2 ұл тәрбиеленуде. Үлкені Аяулым университеті студенті болса, кішкентай Мариям бір жарым жаста. Тағы бір «Алтын алқа» иегері Әйгерім Жанпейісова 4 ұл мен 3 қыздың анасы. Қала әкімінің қолынан алып жатқан марапатқа зор ризашылықтарын білдірді.

Данагүл ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

АУЛАЛАРДЫ АБАТТАНДЫРУ – НАЗАРДА

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бөзіл «Құлагер» шағын ауданында басталғалы жатқан бірқатар құрылыс нысандарын аралады.



Атап айтқанда, қала басшысы аталған шағын ауданда құрылыс жұмыстары тоқтап қалған көпқабатты тұрғын үйлерді толық аяқтау керектігін айтып, жауапты мердігерге жұмысты шұғыл бастауды міндеттеп, қатаң бақылауға алуды тапсырды.

Бұдан бөлек, «Құлагер» шағын ауданында

салынғалы жатқан жаңа саябақтың жобасымен танысып, кей мәселелерді пысықтады.

Сонымен қатар, қала әкімі «Береке» коттедж қалашығында қайта қалыпқа келтіру жұмыстары басталған коттедж үйлерін де аралады. Ұзақ жылдар бойы қаңырап бос тұрған баспаналарды қалпына келтіру жұмыстарын аяқталғанға дейін тұрақты бақылауға алып, сапа мен мерзімді ұмытпай қадағалауды ескертті.

«Биыл Талдықорған қаласында салынатын құрылыс нысандары өткен жылға қарағанда көп. Ендігі мақсат – салынатын әрбір құрылыс нысанының санына емес, сапасының жоғары болуына жұмыс жасау. Әрине, кей мәселелерді әлі де пысықтау керек. Дегенмен, жұмыстарды биылғы жылы ертерек бастап жатырмыз. Ең бастысы, халық игілігіне арналған тың жобаларымызды жүзеге асыру», – деді қала әкімі.

Сондай-ақ, қала әкімі «Ұлан» шағын ауданында абаттандыру жұмыстары басталғалы жатқан 5 ауланың жобасын көрді. Онда Ернат Дүйсенбекұлы өткен жылы осы шағын ауданның халқы үшін заман талабына сай жабдықталған теңдесі жоқ ауланы тұрғындар игілігіне бергенін айтып өтіп, биылғы жылы да сол үрдісті қала бойынша жалғастыратындығын жеткізді.



жол ретке келтірілмек. Яғни, 17450 текше метр көшені жөндеу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, жол таңбалары мен жол белгілерін сызу жұмыстары 15 сәуірде басталады.

нашар екендігін айтып шағымданған еді.

Аталған мәселені оңтайлы шешу үшін жоба жасалып, 3-ші бөлімшенің ішкі көшелері кезең-кезеңімен ретке келтірілуде.

Жоспар бойынша, 2024 жылы аталмыш аумақта 2,6 км болатын 4 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, асфальт жамылғысы төселген болатын. Ал, 2025 жылы 7 көшенің 6 шақырымына асфальт жамылғысы төселмек.

Бұл жоба қаладағы маңызды жол учаскелерін қамтып, жол инфрақұрылымын жақсартып, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер үшін қауіпсіздік пен жайлылықты арттыруға септігін тигізбек.

(Қала әкімінің баспасөз қызметі).

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБА

Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметінше, 2024-2026 жылдар аралығында 3-ші бөлімшедегі жалпы ұзындығы 15 шақырым болатын 20 көшенің барлығын кезең-кезеңімен жөндеу жоспарлануда. Жоба 3 жылға есептелген. Жобаны «РСУ 1» ЖШС мердігер мекеме жүзеге асыруда.

Естеріңізге салсақ, қала әкімі 3-ші бөлімше тұрғындарымен жүздесуінде ішкі көше жолдарының жағдайы сын көтермейтіндігі, көктем-күз айларында су мен батпақ проблемалары туындайтынын және қалаға қатынайтын №13 автобус жүретін жолдың да жағдайы

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЕГІСТІК КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙДЫ

Қуаныш СЕЙТІМБЕТОВ,
Талдықорған қаласы әкімінің
орынбасары:

– 2024 жылы Талдықорған қаласы бойынша 6026 га егін егіліп, 70 мың тоннадан астам өнім жиналды. Ағымдағы жылы егiстiк көлемiн 6200 гектарға жеткізіп, 900 тоннаға жуық минералды тыңайтқыш енгізу жоспарлануда.

Өткен жылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 330 млн теңгеге 18 дана ауыл шаруашылық техникасын сатып алды. Жалпы қала бойынша ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту үлесі 6%-ды құрады.

2025 жылға арналған көктемгі және күзгі дала жұмыстарына арзандатылған 275 тонна дизель отынына 44 шаруа қожалығы өтінім берді.



РУХАНИЯТ

ДІННІҢ ҚОҒАМДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Ілияс САҒЫМБЕКОВ,
Талдықорған қаласы ішкі саясат
бөлімінің басшысы

– Ата Заңда «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – деп көрсетілген. Ұлттың жан-жақты білімі, рухани байлығы – аса маңызды мәселе. «Дініміз бен дәстүрімізден жаңылмасақ, біздің бағындырар белесіміз де, алар асуымыз да көп болмақ».

Дін – адамзат тарихындағы ең көне әрі маңызды әлеуметтік институттардың бірі. Ол қоғамның рухани тұтастығын сақтауға, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға және мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге ықпал етеді, адамның ішкі дүниесін тәрбиелеп, ар-ождан мен әділдік қағидаларын ұстануға шақырады. Ал, бұл қасиеттер қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға көмектеседі. Сондай-ақ, адамдарды ортақ құндылықтар мен сенім төңірегінде бір арнада тоғыстырып, өзара құрмет пен толеранттылық қағидаларын ұстанады. Бұл өз кезегінде қоғамның дамуына және тұрақтылығына оң ықпал етеді. Жалпы, бейбітшілік пен келісімді, сондай – ақ, Қазақстан Республикасының халықаралық беделін нығайтуға бағытталған өркениетаралық, дінаралық және конфессияаралық диалогты насихаттау мен ілгерілету барысында көптеген шаралар ұйымдастырылып тұрады. Аталмыш игі істер рухани және моральдық дамуға зор ықпал етеді. Сондықтан діннің қоғамдық маңызы әрдайым жоғары болып қала береді.



БАСЫМ БАҒЫТ

БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢҒЫРТУЛАР

Шынар ШАРИПБАЕВА,
Талдықорған қаласы
білім бөлімінің басшысы:

– Білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы – цифрлық технологияларды енгізу. Ұлттық бастамалар аясында мектеп оқулықтарының 100%-ы цифрлық форматқа ауыстырылды, ал мектептердің 95,2% - интернет сапасы артты.

Білім беру платформалары белсенді түрде енгізілуде. Бұл шаралардың барлығы оқушыларды болашақ өмірге дайындауға және олардың жас кезінен бастап цифрлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

2020 жылдан бастап мұғалімдердің жалақысы жыл сайын 25%-ға арта бастады. Сонымен қатар, біліктілік санатының болуы үшін қосымша ақылар 30-50%-ға ұлғайды. Нәтижесінде, 2023 жылға қарай мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті.

2023 жылдың қыркүйегінен бастап Президенттің тапсырмасы бойынша бастауыш сыныптар үшін (1-4 сынып) тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды. Бүгінгі таңда Талдықорған қаласы бойынша 1-4 сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылған.

Сондай-ақ, бұл шарамен халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы оқушылар қамтылып отыр.

Талдықорған қаласы жалпы білім беретін 27 мектепте 18801 оқушы тегін тамақпен қамтылған.

Соңғы жылдары Талдықорған қаласының барлық 27 жалпы білім беретін мектебі материалдық-техникалық базасын жаңартты. Жыл сайын Талдықорған қаласының жалпы білім беретін мектептеріне робототехника, химия, биология, физика және STEM-пәндер бойынша ондаған заманауи пәндік кабинеттер сатып алынады. Тек 2024 жылдың қорытындысы бойынша 12 мектепте заманауи пәндік кабинеттер орнатылды.

Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда: 2029 жылға қарай кемінде 100 заманауи пәндік кабинет ашу жоспарлануда.



АТАЛАР ЕРЛІГІНЕ МЫҢ ТАҒЫМ



Әлемнің 60-тан астам мемлекетін шарпып, 70 миллионнан астам адамның өмірін қиып кеткен екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына биыл 80 жыл толып отыр. Соғыс жүрген 1418 күнде майдан алаңына Қазақ КСР-нан 1,2 миллионнан астам сарбаз барған. Майданға аттанған қазақстандықтардың жартысы елге оралған жоқ. Ерліктері үшін 499 қазақстандық марапатталса, олардың ішінде 99-ы Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы атағын алды. Сондай-ақ, 142 қазақстандық Даңқ орденінің толық иегері атанды. Ерлік пен елдікті, батырлық пен табандылықты ту еткен батыр аталар есімі ұмытылмайды. Жеңістің 80 жылдығына арналаған шара Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымтқы болуымен оқушылардың қатысуымен Ардагерлер үйінде өтті. Жалпы айтқанда, бұл №16 мектеп-гимназиясының директоры орынбасары Гүлжан Мұратбаева мен тарих пәні мұғалімі Зүлейха Хаджиеваның бастамасын қалалық ардагерлер кеңесі қолдаған шара еді.

Облыстық, қалалық ұйымның төрағалары, мүшелері қатысқан шараға оқушылар мен ұстаздар да өзіндік үлес қосты. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, Талдықорған қалалық кеңестің төрағасы Ақшабай Керімбеков, осы ұйымның жауапты хатшысы Балғаным Оспанбекқызы, Есенбала Аргенова, Нұртай Шынғожанова майданға аттанған әкелер мен аналарды еске алды. Ардагерлер қатары бүгінде сиреп барады. Қалада тұратын соғыс ардагері 3-еу болса, жуырда Сәрсенбай Қаңтарбай қайтыс болды. 1942 жылы 88 қазақстандық 11-15 жас аралығындағы қыз балалар Сталинград майданына жіберіледі. Солардың арасында Есенбала Аргенованың анасы Нұртайша аламыз да болған еді. «Анам қан майданның ортасына түседі. Айна-ла өліп жатқан солдаттар, қан иісі, басында жүрегіміз айналып, құлап қалатынбыз деп еске алатын» дейді. Трактор зауытына барған жас қыздар соғыс біткен соң 1946 жылы елге оралады. 1976 жылы сол соғысқа бірге аттанған 88 қыздың 16-сы Алматыда бас қосады. Бір-бірімен жылап көріседі.

20 жыл ардагерлер кеңесінде қызмет жасаған соғыс және еңбек ардагері Оспанбек Боранбаев туралы қызы Балғаным, ата ұрпағы, шөбере Таир Оспанбеков тамаша естеліктер айтты. Соғыс ардагерлері Филипп Адинбековтің шөбересі, №16 ОМГ оқушысы Софья Адинбекова, Николай Резниковтің ұрпағы, №16 ОМГ оқушысы Тимофей Афонин, Михаил Алексей Максимович- шөбересі Максим Краснов, Степан Малеванный – шөбересі Анастасия Дудкина өз аталарының ерлік істерін мақтан ететіндіктерін білдірді. Ақшабай Дүйсенбекұлы белсенділік танытқандарға естелік кітапты тарту етті.

Шара барысында «Жеңіс тарихы» халықаралық фестиваль Жеңістің 80 жылдығына орай өткізілетіндігі жайлы да баяндалды. Фестиваль мақсаты - соғыста хабар-ошарсыз кеткен адамдар жайлы, тылдағы қажырлы еңбек туралы естеліктер, ойлармен бөлісіп, достық, татулық қатынасты дамыту болып табылады. Шара соңында Ардагерлер хоры патриоттық әндерді көрермендермен бірге шырады.

Дана ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ

АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ! ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЖОЛЫ

Адам болып дүниеге келген соң, өнегелі де ғұбратты өмір сүру үшін тағдырдың маңдайға жазған түрлі соқпағымен жүруге тура келеді. Біздің кейіпкеріміз Смағұлов Сәбит Сәкенұлы, 1960 жылдың 25-мамырында Андреев ауданының Қарлығаш ауылында дүниеге келген.

1977 жылы бұрынғы Фурманов, қазіргі Ә.Әлімжанов атындағы орта мектептен білім алып, сол жылдың қыркүйек айында №18 кәсіптік техникалық училищесіне оқуға түседі. Оны 1978 жылы аяқтап, әскер қатарына шақырылады. Кеңес әскері сапында 1980-ші жылға дейін азаматтық борышын атқарды. Екі жылдың ішінде әскери өмірдің қыр-сырын меңгеріп, оқу жаттығумен өбден шыңдалған Сәбит ауылға оралған соң, арманын арқаалап Алматы қаласындағы ҚазМУ-нің химия-биология факультетіне құжаттарын тапсырады. Адамды бар қылатын да, нар қылатын да туған жері, өскен ортасы. Ол 1980-1986ж.ж. аралығында мамандығы бойынша білім алып, өзі туып-өскен Жетісу өлкесінің бірқатар өңірінде 45 жылға жуық ұстаздық еңбек етті. Басшылық қызметтерге тағайындалып, ел сенімінен шыға білді. Білім нәрімен сусындатып, тәрбиелеген шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде еңбектерін жалғастырып, елінің өркендеуіне үлестерін қосып жүр. Еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып көптеген марапаттарға ие болды. Ұлағатты ұстаз, білікті маман оқушыларына тағылымды тәрбие берумен қатар, өз отбасында да ұлықты ұл, ибалы қыз өсіріп отырған абзал әке. Қазіргі уақытта зейнеткер. Бала-шағасының ортасында бақытты ғұмыр кешуде. Әрдайым қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысып, ел алғысын арқаалап келеді.



Өз тілшіміз

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР АРДАГЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

5514 әскери бөлімінің командирі, полковник А. Мансуров Ұлы Отан соғысының ардагері Хусаинов Ысқақ Әбілпейісұлын арнайы құттықтап, құрмет көрсетті.

Ардагердің үйіне арнайы барған әскери қызметкерлер мен офицерлер майдангерге алғыс айтып, оның өшпес ерлігі мен батылдығын ерекше атап өтті. Полковник А. Мансуров ардагерге Құрмет грамотасы мен естелік сыйлық табыстап, оның Отан алдындағы қызметі ұрпақтар жадында мәңгі сақталатынын жеткізді.

Өз кезегінде Ысқақ Әбілпейісұлы көрсетілген құрметке ризашылығын білдіріп, майдандағы естеліктерімен бөлісті. Ол бейбіт өмірдің қадірін біліп, жастарды Отанды сүюге, бірлік пен татулықты сақтауға шақырды.

Бұл кездесуде әскери бөлімнің сарбаздары мен офицерлері ардагермен әңгімелесіп, оның өмір жолынан тағылым алды. Осындай іс-шаралар ардагерлерді ұлықтап, жастарға патриоттық тәрбие берудің маңызды үлгісі болып табылады.

5514 әскери бөлімінің жеке құрамы болашақта да ардагерлерді қолдау мен құрметтеуді жалғастыра бермек.

Өз тілшіміз



ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ
Бұрабай, 2025 жыл

МАҚСАТ-МІНДЕТ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Талдықорған облыстық, қалалық ардагерлер кеңесінің, «Ауған соғысы» ҚБ мүшелері және Жетісу облысы аумағында әлеуметтік бағытта қоғамдық, азаматтық белсенділік танытып жүрген «Ұлттық құрылтай» мүшесі Дания Қыдырбаеваның қатысуымен кездесу өтті. Онда Мемлекет басшысы жариялаған бастамаларды өңірде жүзеге асыру мәселелері қаралып, талқыланды.



Ұлттық құрылтайдың IV отырысында әлеуметтік және мәдени-гуманитарлық мәселелерге қатысты маңызды шешімдермен қатар ел дамуының өзге де бағыттары бойынша басты басымдықтар айқындалған болатын. Бұл орайда ел ішіндегі өзгерістерге құрылтай мүшелері, қоғам қайраткерлері де зор үлес қосуда. Азаматтық қоғам белсенділері «Мұндай келелі кездесулер қоғамның дамуында үлкен рөл атқарады, өйткені олар елдің алдағы жылдардағы бағыт-бағдарын анықтау үшін қоғамдық пікірді ескеруге мүмкіндік береді»-дейді. Талдықорған қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы Илияс Сағымбеков «Ұлттық құрылтайдың IV отырысында бірнеше маңызды мәселелер көтеріліп, бұл отырыс еліміздегі әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістерге қатысты пікірталастар мен ұсыныстар алаңы болды. Отырыста көтерілген негізгі мәселелер бұл: қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік, ұлттық экономика және әлеуметтік саясат, Қазақстанның сыртқы саясаты, құқықтық реформа және қазақ тілінің дамуы. Жалпы, аталмыш жиын алғашқы сәттен бастап-ақ жалпыхалықтық жаңғырудың символына айналды. Қоғамдық диалогтың жаңа үлгісі қалыптасты»-деп атап өтті.

